



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 37.034

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА Ы.АЛТЫНСАРИННЫҢ ОҚУ – ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛ ИДЕЯСЫН ҚОЛДАНУ

Ахметова Гулжазира Даурхановна
бастауыш сынып мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің
М.Дулатұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
Рудный қаласы, Қазақстан
E-mail: gulzhazira1974@gmail.com

Аңдатпа

Автор жұмысында жаңашыл оқытушы, тарихта өшпестей із қалдырған педагог, ақын, жазушы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметке қосқан үлесін дәріптейді. Шығармалары инновацияқ білім беруде өзекті деп ой түйеді. Шағын мәтіндері қарапайым, тілге жеңілдігі оңтайлы тәжірибесінен көрінеді. Автор ұстаздың мұрасын жаңа білім беру мазмұнында түрлендіріп, жаңғырту маңызды деп ой тастайды. Мақалада ағартушының мұрасын инновациялық әдіс арқылы оқыту қамтылған.

Түйінді сөздер: Педагог, рухани, жаңашыл, тәрбие, инновация

Аннотация

В своем произведении автор прославляет вклад Ыбырая Алтынсарина, педагога – новатора, поэта, писателя, оставившего неизгладимый след в истории. Считает, что его работы актуальны в инновационном образовании. Короткие тексты просты, легкость языка отражается на оптимальном восприятии. Автор считает важным трансформировать и модернизировать наследие учителя в новом образовательном содержании. Статья включает преподавание наследия педагога через инновационный метод.

Ключевые слова: Учитель, духовный, новатор, образование, инновации.

Abstract

In his work, the author glorifies the contribution of YbyrayAltynsarin, an innovative teacher, poet, writer, who left an indelible mark on history. He believes that his work is relevant in innovative education. Short texts are simple, the lightness of the language is reflected in the optimal perception. The author considers it important to transform and modernize the legacy of the teacher in the new educational content. The article includes teaching the heritage of the teacher through an innovative method.

Key words: Teacher, spiritual, innovator, education, innovation.

Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) – қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жазушысы, қоғам қайраткері. XIX – ғасырда Қазақстанда қалыптасқан, адамдар санасын өзгерту, халықтың басым көпшілігінің әлемдік өркениет үлгісімен рухани жаңару процесінің күрделі сипатын ашып көрсетуде ағартушылықтың маңызы зор. Қазіргі таңда елімізде болып жатқан өзгерістер, әрине, бірден қалыптасқан жоқ. Осы орайда «Қазақ мектептерін Еуропа жолына, өнер жолына бұрып бастаған ең тұңғыш жаңашыл оқытушы, тарихта өшпестей із қалдырған педагог, ақын, жазушы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметке қосқан үлесі мен еңбегі зор. [1, б. 23–26] Ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де, «Кел, балалар оқылық» деген қанатты сөздерімен халық жүрегінен ойып тұрып орын алған ағартушы, демократ, педагог Ыбырай Алтынсариннің болашақтан күткен үміті бүгінгі күні жүзеге асып отыр. Ағартушының арманы тіл тазалығы болса, қазіргі таңда ол арманы жүзеге асты. Олай деу себебім, Ыбырай Алтынсариннің еліне сіңірген еңбегі қазіргі таңда, жастарға үш тілді игеруге сауатты және жоғары білікті маман болуға шақыратын Елбасының үндеуімен үндесіп отыр. Ұстаздың ізбасары тұрғысында бастауыш сынып мұғалімі ретінде, қазіргі таңда тілді насихаттау менің мерейлі мақсатыма айналды. [2, б. 25–28] Өйткені, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» деген ғибратты сөздің мәнісі барлық тілді меңгергенде ғана бүгінгі шәкірт, ертеңгі күні бәсекеге қабілетті маман болып шығары сөзсіз. Үйретіп қана қоймай, барлық өміріміздің мәніне айналды. «Ата – анаң қартайса, демеу болар бұл – оқу» деп ұстаз дәл бүгінгі күнді алыстан болжағанына көзім енді анық жетті. Иә, расында білектің күшімен емес, білімге сенген жаңа заман баласы өздігінен білім алу дәрежесіне жетті. Осы орайда ұлт ұстазы туралы қалам тербеп, тамшыдай болса да үлесімді қосқым келді. Иә, дана ағартушының басты мұраты адамға игілігіне қызмет ету болды. Ұлы ағартушының мұрасы біз үшін таусылмас қазына саналса, оның әрбір еңбегінен шәкірттеріміз рухани тілектеріне жауап табады, нәр алуда. Бала жанының зергері Ы.Алтынсарин әңгімелерінің қай – қай – қайсысы мұғалімдер мен ата – аналардың балаларды ұқыптылық пен сабырлылыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеудің таптырмас көзі болып отыр. [3, б. 38–39] Ағартушының «Талап етіп талпынбаса, адам баласы алға баспаған болар еді» деген даналық сөзі де өмір шындығына айналып отыр. «Талапты ерге нұр жауар» деген халық мақалы да өмір тәжірибесіне ала отырып, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай сол идеяны көтереді. Әңгімесіндегі кейіпкердің табандылығының

арқасында елге танымал болғанын мысалға келтіре отырып, бұл арадағы көздегені – жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қолы жеткенін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу еді. Заман талабына сай, талап дәл қазіргі уақытта оқушыларымызға қажет – ақ. Өйткені жасынан талаптанған жас ертеңгі күні.

Елбасымыз айтқан бәсекеге қабілетті азамат болып шығатын сөзсіз. [4, б. 26–27] Осы мақалама іздену барысында «Ыбырай жастарды оқу – білім, өнерге ұмтылуға кеңес бергенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, қайта өз ойын нақтылықпен дәлелдеуге ұмтылады» деген пікірмен келісе отырып, оның өмірі мен шығармашылығы бүгінгі ұрпағы үшін өміршең мұраға айналды десем, артық айтқаным емес. Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық дүниетанымында халықты ағартуда, біріншіден, надандықпен күресу қажет деген ой басым. Мысалы, «Бай мен жарлы баласы» атты әңгімесінде жазушы бай баласы Асан мен кедей баласы Үсенді бас кейіпкер етіп ала отырып, әлеуметтік мәні зор ірі мәселеге назар аударады. Баланың қалыптасуына орта мен отбасының әсер – ықпалын ашып көрсету арқылы мән – маңызы үлкен қорытынды жасайды. Бұл әңгімесінің өзектілігі «Ата – анаңның байлығына сеніп құр отыра бермей, өзіңнің ақылыңа, күш – жігеріңе жүгін» дегенді айқындап береді. Мен 1 сыныпта «Бір уыз мақта» әңгімесін топқа бөліп өткіздім. Жаңа әдістерді пайдалана отырып, венн диаграммасымен оқушылар жұмыс жасады. Нәтижесінде оқушыларды еңбекке тәрбиелеу болды.





Міне, шығарма қарапайым тілімен, шағын мазмұнымен оқушыларды өз күшіне сенуге насихаттайды. Сонымен қатар ұлт ұстазы білім берудің түпкілікті мақсаты ретінде өлкенің рухани дамуы ғана емес, экономикалық дамуын көрді. Мысалға ол бұл қажеттіліктерді орыс – қазақ мектептерінің оқу бағдарламаларын құрастырғанда ескеріп отырған. Ағартушының ойынша, мектеп өз құрылымы бойынша жаңа мәдени өмірдің, жаңа дәстүрлердің, тәртіптің, өнердің үлгісі болуы тиіс. [5, б. 15–16]

Ғылыммен айналысқан және оның құндылықтарын игере алған адамдарды қалай құрметтесең де лайықты деп санаған ағартушы жастардың патриоттық сезіміне де ықпал етуге тырысқан. Халық ғылыми және техникалық тұрғыда артта қалып қойды, сондықтан да оны жою үшін білімді игеру қажет деп түсінген. Өзінің педагогикалық қызметінің басты ұраны ретінде келесі ұранды алды: «Өз Отанымызға лайықты үлес қосу – әрқайсымыздың борышымыз». Оның ойынша, олар халықты мойын ұсындыру үшін емес, халықтың әл – қуатын жақсарту үшін қажет. Иә, дана ағартушының басты мұраты адамға игілігіне қызмет ету болды. Оның пікірінше алған біліміз болашақта елімізді дамытуға пайдасын тигізу керек.

Ағартушының бұл игі ойы Елбасының жыл сайынғы Жолдауында «Адами капиталды дамыту» бағытында жалғасын тауып отыр. Яғни, мемлекеттің байлығы – адам. Ал, сол байлықты «Жаста берген, тәрбие талшыбықтай» демекші, етеңгі тізгін ұстар ел келешегін елжанды етіп тәрбиелеу біздің еншімізге тиесілі болып отыр. Адам және қоғам өміріндегі еңбектің алатын орнына ерекше маңыз берген Ыбырай, адал еңбек пен қанағатшылдық адам бақытының негізі деп санағаны да белгілі. Еңбек тақырыбы – оның шығармаларының негізі. Еңбексіз өмір бос деп санайды ойшыл. Еңбек, ізгілікке ұмтылу адамгершілік адамға лайықты өмірді қамтамасыз ететінін Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ» деген әңгімесіндегі мысал арқылы дәлелдейді. Оның шығармашылық еңбектері саяси сипатта болды. Ол ғылым мен білімнің, адамдардың өзіндік қасиеттерін қалыптастыратынын, өзі, ақиқат пен әділдік үшін күресуге шақыратынын айтқан болатын. [6, б. 27–29] Ы.Алтынсарин – қазақтың ағартушы – педагогі, жазушы, қоғам қайраткері болуымен қатар, өз ойым бойынша Ы.Алтынсаринді ұлттық мектептің негізін қалаушы деп танымын. Өйткені ұстаздың ұранымен біздің ұлтымыз сауатын ашып, қазіргі таңда ұлттық мектептер дамып келеді. Ұлт ұстазының мерейтой қарсаңында Қостанай қаласының қақ төрінде Ыбырай ұстаз бен шәкірті қоса бейнеленген еңселі мүсіні бой көтергені де бүгінгі ұрпақ үшін үлгі – өнеге екені анық. Қоладан құйылған мүсінінде ұстаздың өмірлік ұраны

бейнеленген. Бұл жаңа заман баласының тарихындағы жарқын белестің бірі деп қабылдадым. Білімге ерекше көңіл бөлуі ойшыл дүниетанымының ең басты ерекшелігі деген ойға келдім. Осы мақаланы жазу барысында ағартушы туралы біраз мәліметтерге куә болдым. Орыс оқымыстысы Н.Ильминский қазақтардың ортасында қазақ тілін үйреніп алыпты. [7, б. 23–25] Ол өзінің «Алтынсарин туралы естеліктер» атты кітабында «Мен оған шын ықыласыммен брлдім, орыс тілінің қазақтар үшін де керек екенін алғашқы сезінгендердің бірі болды» деп жазған екен. Иә, бүгінгі күні ұлт ұстазының арманы түгелдей дерлік орындалған секілді. Өз алдына ұлттық мектептер кеңейіп, бәсекеге қабілетті шәкірттерін тәрбиелейтін білікті ізбасарлары көбейді. Мен де соның бірімін. «Білім ғана жүрекке шырақ жағар» демекші, кез – келген бәсекеге тек білім арқылы қарсы тұра аламыз. Сол үшін үнемі кәсіби біліктілігімізді шыңдай түсіп, көпсөзділіктен арылып, жаңалық жаршысы болуымыз тиіс. Мәселен, бұған өзімнің жетістікке қолым жеткен сәтімде көзім анық жетті. Яғни, терең білімді болсаң ғана жеңіс тұғырынан көріне аласың. Бүгінгі таңда Ыбырай атаның шығармалары маңызын жойған емес. Қайта мол мұрасы мектеп игілігіне жарап, бізді терең біліммен сусындатып келеді дегім келеді. Ұлылықтың басында ұстаз тұрар демекші, ағартушының мұрасын бүгінгі ұрпаққа жеткізу борышым деп білемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аңыз адам журналы 2020 ж № 4, 23 – 26 б
2. Әуезов М. Ыбырай естелігі 2020 ж №6, 25 – 28 бет
3. Әлемдік педагогикалық ой – сана: 2020 ж 38 – 39 бет
4. Білім шыңы газеті 2020 ж №5, 26 – 27 бет
5. Білімді ел журналы 2020 ж №4, 15 – 16 бет
6. Жаңа білім журналы 2020 ж №4, 27 – 29
7. Қазақстан мектебі 2021 ж №5, 11 – 14 бет

ӨОЖ 37.034

ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ЫБЫРАЙДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Ахметова Жадра Жумагалиевна
директодың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
«Қостанай қызмет көрсету саласының колледжі» КМҚК
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: zhadra.ahmetova@mail.ru

Аңдатпа

Өзектілігі. Ыбырай Алтынсарин өнегелі ісімен тарихта аты қалып, халыққа өнер – білім таратуда өлшеусіз еңбек сіңірген ағарту саласын жаңа сатыға көтерген биік тұлға. Ол нағыз халықшыл жазушы, ағартушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген өз уақытының қажырлы қоғам қайраткері, өз заманының аса маңызды мәселелерін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы болғандығы қай заманда болмасын жастарымызға үлгі болып, мұраларының қазіргі кезге дейін өз өзектілігін жоймай келе жатқанының куәгері болып отырмыз. Ыбырай мұрасын кейінгі ұрпақ дәріптеп, асқақтата жырлайды. Бұл ақынның асыл армандарының іске асқанының көрінісі.

Түйінді сөздер: тұлға, педагог, тәрбие, құндылық, ағартушы.

Аннотация

Актуальность. Ибрай Алтынсарин – человек, который своим нравственным поступком вошел в историю и внес неоценимый вклад в популяризацию искусства и образования для народа. Он был подлинным народным писателем, просветителем, неутомимым общественным деятелем своего времени, поднимающим важнейшие проблемы своего времени, поэтом – новатором, неустанным предвестником этого нового, и мы являемся свидетелями того, как его наследие до сих пор не теряет своей актуальности. Наследие Ибрая прославляется и воспевается последующими поколениями. Это воплощение благородных мечтаний поэта.

Ключевые слова: личность, педагог, воспитание, ценность, просветитель.

Abstract

Relevance. Ibray Altynsarin is a man who made history with his moral act and made an invaluable contribution to the popularization of art and education for the people. He was a genuine folk writer, an educator, a tireless public figure of his time, raising the most important problems of his time, a poet – innovator, a tireless harbinger of this new, and we are witnessing how his legacy still does not lose its relevance. Ibray's legacy is celebrated and celebrated by subsequent generations. This is the embodiment of the noble dreams of the poet.

Key words: personality, teacher, education, value, educator.

Күллі қазақ даласына білім нұрын шашқан, қара халықтың дархан даласына білім қоңырауын соққан Ыбырай есімін әр қазақ біледі. Ыбырай Алтынсарин – халықшыл жазушы, өмір шындығын